

Абайдың қыстауында

Қазақ халқының ұлы ақыны және ағартушысы Абай Құнанбаев өз өмірінің соңғы жылдарын Жидебай өңіріндегі қыстауда өткізгені мәлім. Қыстау 1891 жылдардың шамасында салынған.

Үстіміздегі жылы қыстауға жөндеу жұмыстары жүргізілді. Қыстау бұрынғы қалпына келтіріліп, төбесіне жаңадан шатыр жабылды.

Ақынның өмірі мен творчествосын халыққа кеңінен таныстыру мақсатында Абай тұрған үйдің бөлмелеріне тұрақты көрме ұйымдастырылды. Көрменің стендалары қазақ халқы искусствосының «ю, нақыштарымен өрнектеліп, алтын түстес бояулармен боялды.

Көрменің бірінші стендасына Абайдың балалық шағын бейнелейтін деректер, суреттер, фотолар қойылды.

Абайдың балалық шағы әкесі Құнанбайдың — әмірлі, қатал ру басының ауылында өскенін баяндайтын документтерден басталады. Суретші Н. Волощуктің «Абай әкесі Зеренің бауырында» деген картинасының фото көшірмесінің мәні зор. Кейбір экспонаттарда жалдамалы мектептен оқып, хат таныған Абайдың Семейдегі діни мектеп Ахмет Риззаның медресесіне түсіп оқып жүргені көрінеді. Схоластикалық мұсылман оқуы қанағаттандырмай, өз бетімен орыс мектебіне сабаққа қатысып жүрген жас Абайды суретші Великановтың картинасынан көреміз. Абайдың оқуды бітіре алмағанын, әкесі Құнанбай өзіне тірек етіп, ата жолына түсіру үшін оны қаладан ауылға шақырып алғанын суретші Филиповтың картинасы түсіндіреді.

Ел жайымен, қазақ халқының сол кездегі әлеуметтік өмірімен терең танысқан Абай әкесі ұстаған жолдан бас тартты. Өз халқын орыс халқымен достықты нығайтуға шақырған, оның озық мәдениетін, өнерін насихаттауға, таратуға ұмтылған Абайды суретші А. Кастеевтің картинасы бейнелейді. Мұнда ұлы ақындардың терең сырлы мол қазналы еңбектерін оқып, үйрену үстінде отырған Абайды, алдында Белинский мен Чернышевскийдің, Герцен мен Добролюбовтың, Пушкин мен Лермонтовтың, Гоголь мен Крыловтың, Толстой мен Салтыков—Шchedриннің шығармалары жатқанын көреміз.

Көрменің екінші бөліміндегі экспонаттар орыс мәдениеті мен әдебиетінің озат қайраткерлері идеясының қуатты әсерімен қазақ халқының аса көрнекті ағартушылары Ш. Уалиханов, Ы. Алтынсарин, Абай Құнанбаевтардың дүние тануының қалыптасып өскенін көрсетеді.

Көршілердің назарын өзіне аударатын



—Шоқан шығармаларының толық жыйнағының фотографиясы. Оның оң жағында Шоканның сүйікті досы Семенов—Тянь-шанскийдің Шоқан Уалихановтың үздік дарындылығы туралы айтқан сөздері жазылған. Одан кейін Ыбрай Алтынсариннің салдырған интернат-мектебінің суреті және мектеп оқу жүйесінің схемасы тұр.

Көрменің екінші стендасынан жұртшылық Абай—қазақ халқы тудырған бай поэзияның білгіші, Орта Азия классиктерінің шығармаларын қадірлеуші, ұлы орыс жазушыларының шығармаларын айырықша ықласпен үйренуші болғандығын суреттейтін бірнеше экспонаттарды көреді.

Екінші бөлмеге кіргенде ұлы ақынның ойы өсіп, кемелденгенін шағын түрлі экспонаттар толықтыра түседі. Түрлі картиналарда, суреттерде қазақ әдебиетінің классигі, қоғам қайраткері Абайдың өшпес еңбектерін, кең сахараға Абай арқылы қазақ тілінде тараған дүниежүзілік әдебиеттің ұлы мұраларын көреміз. Картиналардың бірінде Абай «Құлақтан кіріп бойды алатын» ән мен күйлерді сүйсіне тыңдап тұр. Бөрмеге «Сегіз аяқ», «Айттым сәлем, қаламқас», «Бойы бұлғаң» әндерінің ноталары қойылған.

Абай кедей жатақтар арасында, олардың жайын біліп, арызын тыңдап жүрсе, енді бір суретте сүйгеніне қосыла алмай қалың малдың құрбаны болған қазақ қыздары мен еріксіз жастарды қорғап тұрған Абайдың бейнесі көрінеді. Ол патша әкімдері мен қазақ билерінің алдында халықтың пікірін, қоғамдық ойын айтты, үстем таптың еңбекші бұқараға көрсетіп отырған озбырлығын өшкереледі.

Бұл үшін Абайды патша әкімдері түрмеге жапты және он жылға созылған уақыт ішінде ол тергеу астында болды. Міне, осы жағдайлар «Абай және жатақтар», «Абай сот алдында», «Абай абақтыда» және «Абай халықтың ағартушысы» картиналарынан айдың көрінеді. Бұл бөлімде көзге түсетін Абайдың 1886 жылы түсірілген Локвискийдің фотосының көшірмесі. Фотоның сыртындағы жазу Абайдың тек демократ —ақын ғана болмағанын, әрі ағартушы, әрі ғалым, қазақтың тарихын, тілін, тұрмыс-салтын зерттеуші де болғанын көрсетеді. Бұлардан басқа бірнеше экспонаттар Семей қаласы Абай уақытында солтүстік — шығыс облыстарының экономикалық және мәдениет орталығы болғандығын түсіндіреді. Көрменің бөлімдерінде Абайдың демократияшыл-ағартушылық көз қарастарын көрсететін нақыл сөздері мен өлеңдері кеңінен пайдаланылған.

Коммунистік партияның басшылығымен Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісі нәтижесінде, қазақ халқының ұлттық мәдениеті өсіп өркендеді, көп ұлтты совет мәдениетінің өзенті бір саласына айналды. Көрменің арнаулы төртінші стендасы республикамыздағы социалистік ұлы өзгерісті баяндайды. Сонымен қатар бұл бөлімде Абай жайында жазылған романдар мен драмалық шығармалар қойылған.

Қ. АУЖАНОВ,

Суретте: Абай қыстауындағы тұрақты көрменің бір бөлімі.